

Түпқараған ауданы бойынша

Қамқоршылық кеңесінің жұмыстары туралы ақпараттамасы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдеде «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» №355 бұйрығына сәйкес, Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің 05.09.2022 жылғы №248-нқ бұйрығымен білім беру мекемелерінде қамқоршылық кеңесінің құрамы өзгертіліп қайта құрылды.

2021-2022 оқу жылының тамыз айында Қамқоршылық кеңестің отырысы өткізілді. Күн тәртібінде Қамқоршылық кеңес ережелері қаралып, бірлескен жұмыс жоспары бекітілді.

Бытырғы оқу жылында барлық білім беру ұйымдарында тоқсанына бір рет қамқоршылық кеңес отырысы өткізіліп, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді.

Жоспарға сәйкес, «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында аз қамтылған отбасы балаларына көмек беру есебі тапсырылды. Сонымен қатар, 2021 жылдағы бюджет қаражатының игерілуі, 2022 жылға бөлінге бюджет қаражаты таныстырылды. 2021-2022 оқу жылында жетістікке жеткен оқушыларды марапаттау рәсімі аясында атқарылған жұмыстарға толық есеп тапсырылды. Мектептегі сәтсіз отбасы оқушыларымен жұмысқа қолғабыс жасау, жазғы демалыста 9-11 сынып оқушылары жұмыспен қамтылуын, өндірістік мекемелер арқылы аз қамтылған отбасы балаларына жазғы демалыс алаңына жолдама беруді ұйымдастыру мәселелері бойынша жиын өткізілді. Жылдық жоспары толық деңгейде орындалды.

Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің 05 қыркүйек 2022 жылғы №248-нқ бұйрығымен білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітілді.

Қамқоршылық кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары, бұйрығы және хаттамасы білім беру ұйымдарының веб-сайтына орналастырылды.

Әлеуметтік педагогтар аз қамтылған отбасылар тізімін кеңес құрамына таныстырып, бір реттік көмек беру процесі түсіндірілді.

Сонымен бірге, Түпқараған ауданы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес:

1. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар – 1130 бала;

2. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан - 603 бала;

3. Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын - 17 бала;

4. Төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан – 0;

5. Білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жататын – 16 бала, барлығы 1766 бала анықталды.

Анықталған санаттағы балалар мектептің жанынан құрылған қамқоршылық кеңесте қаралып, бір жолғы көмек қаражаты аударылды.

Сонымен қатар, Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімі аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды.

Акция аясында аудан территориясында орналасқан мемлекеттік және шетелдік мекемелерге, депутаттарға, меценаттарға, жеке кәсіпкерлерге, мемлекеттік мекемелерге хаттар жолданып, 415 балаға қаржылай және оқу құралдарымен, мектеп формаларымен көмек көрсетілді.

Акция қорытындысы қамқоршылық кеңестің отырысында қаралды.